Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған **«Сейфуллин оқулары – 9:** жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 9:** новый вектор развития высшего образования и науки**»** посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.1, ч.1 – Б. 128

ИКЕМДІ ЖӘНЕ НҰСҚАЛЫҚ ЖОСПАРЛЫ ТҰРҒЫН ҮЙДІ ЖОБАЛАУДЫҢ ҚАҒИДАЛАРЫ

Ахметова К.К.

Көптеген жылдар бойы тұрғын үйге қойылатын талаптардың дамуы, оның материалдық күйіне сәйкес болды. Әлбетте, тұрғын үй құрылысындағы индустрияландыру үрдерісі салдарынан келесікарама-қайшы үрдіс пайда болды: тұрғын үйге қойылған талаптардың өзгеуіне байланысты атқарымдық тозу іргелі құрылыстың материалдық тозуынан көп есе жылдам жүреді. Бір жағынан, атқарымдық тозу тұрғын үйдің жарамсыздығын білдіреді, бірақ, екінші жағынан, жақсы материалдық күйдегі ғимаратты бұзу экономикалық көзқарастан мүмкін емес дерлік, себебі, біздің материалдық және энергетикалық қорлар шектелгендіктен оларды үнемді қолдануға тура келеді.

Тұрғын үйді жобалау барысында маңызды тағы бір жай бар. Ол - отбасы құрылымы, отбасылық мәртебенің ауыспалылығы және отбасылық құрамының өзгергіштігі тұрғын үйдің қалыптасуына әсер ететін ең маңызды себепкер шарттардың бірі. Сөйтіп, жобалау кезеңінде сәулетшіге тұрғын үйдің кейбір бөлмелерінің немесе барлық ғимараттың қыметінің өзгергіштік мүмкіндігін қарастыру қажет. Тұрғын үйдің икемді және нұсқалық жоспары тұрғын үй жүйесінің уақыт пен кеңістікте дамуына мүмкіндік береді. Бұл жоғарыда айтылған қарама-қайшылықтарды шешудің әсерлі тәсілі.

Жүздеген жылдар бойы сәулеттік пішіндер мен ғимараттардың өзгермегіштігі және тұрақтылығы сәулет өнерінің дамуының сипаттамасы болып келді. Сәулетті тас болып қатып қалған әуенмен салыстырған. Сонымен қатар, ежелгі уақыттан бері сәулеттің өзгергіштік ұстанымдары да бастау алып, қазіргі уақытта қайта жаңғыру кезеңіне жетті. Жоспарлық шешімнің икемділігі және нұсқалығының бегілерін түрлі тарихи кезеңдерде кездестіруге болады.

Сөйтіп, өмір сүру үдерісі бір орында тұрмайтын, әрқашан даму үстіндегі үдеріс. Сондықтан, тұрғын үйдің жоспарлық шешімін бір-бірімен әрқашан бірге және белсенді әрекетін көрсететін және қамтитын қарым-қатынастар жүйесі ретінде қарастыру дұрыс болады. Тұрғын үй адамның көптеген қызмет түрінұйымдастыруға, жеке адамның және түгел отбасының қызығушылықтарын, тұрақты және өзгермелі, бірінші реттік және екінші реттік қажеттіліктерін қанағаттандыруға кеңістік беруі керек. Тарих пен тәжірибе көрсетіп отырғандай, осы мақсатқа жету үшін жоспарлық шешімнің икемділігі және нұсқалығының болашақта да маңызы зор.

Ғылыми жетекші:Е. К. Дуйсебай, профессор